

Түркістан облысының білім басқармасының Сарыағаш білім  
басқармасының «Назерке» бөбекжай балабақшасы  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бекітемін

«Назерке» бөбекжай балабақшасы  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
меңгерушісі Байсенова Г.К.



Өзін –өзі бақылау құрылымы

Еңкес ауылы 2024

## **Білім беру мекемесі туралы жалпы мәлімет**

- Бұйрық.
- Төлқұжат.
- Балабақшада «Өзін-өзі бағалауды жүргізу» мақсатында кешенді бағдарлама.
- Өзін-өзі бағалау туралы мәлімет.

## МДҰ төлөкжаты

1. МДҰ атауы :ЖШС «Назерке» бөбекжай балабақшасы
2. Құрылтайшы: Өтеген.Б
3. Заңды мекен-жайы: Түркістан облысы,Сарыағаш ауданы,Құркелес а/о,Еңкес ауылы,Ж.Жабаев №18
4. Телефон:87074067970
5. Факс: жоқ
6. Эл.почта: nazerke.balabakhshasy@mail.ru
7. Жарғыны тіркеу:
8. Соңғы аттестатау:
9. Меңгеруші: Бейсенова .Г
- 10.Құрылған жылы: 2010
- 11.Ғимарат түрі: ½ қабатты
- 12.Топтар саны:4
- 13.Балалардың оқыту тілі: қазақ тілі
- 14.Жұмыс аптасының ұзақтығы: 5 күн
- 15.Жобалық қуаттылығы: 100

**ЖШС «Назерке»бөбекжай балабақшасы**

**БҰЙРЫҚ №11**

**Негізгі қызмет бойынша**

01.02.2025ж

Еңкес ауылы

**"Балабақшаны мемлекеттік өзін-өзі аттестатаудан өткізу туралы"**

Балабақшада өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруды өткізу «Білім туралы»Қазақстан Республикасы заңына (бұдан әрі- Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығына (бұдан әрі – Бағалау өлшем шарттары) және басқа да білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерін регламенттейтін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік сынақтан өткізу жөніндегі Ережені бекіту туралы» қаулысын орындау үшін

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балабақшада 03.02.2025-18.03.2025жыл аралығында өзін-өзі бағалау өткізілсін.
2. Балабақшада «Өзін-өзі бағалауды жүргізу» мақсатында кешенді бағдарлама дайындалсын.
3. Өзін-өзі бағалау жүргізу үшін балабақшада төмендегі педагог-мамандардан комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссия төрағасы-Бейсенова.Г меңгеруші./лауазымы

Хатшысы- Есжанова.А әдіскер./лауазымы/

Атестаттау комиссия мүшелері:

Тәрбиеші Өміралиева Айнұр

Тәрбиеші Қошанова Гүлмира

Меңгеруші:  Бейсенова.Г

№	Саралау мазмұны	Саралау әдістері	Жалпылау	Саралауды тыңдау орны
.	Материалдық техникалық базаны саралау	Құжаттаманы саралау	Меңгеруші, ӘШБ Жөніндегі меңгерушінің орынбасары	Педагогикалық кеңес. Меңгерушілерінің шаруашылық жағынан орынбасары: Б.Бейсенов
.	Тәрбие-оқу жұмысын саралау	Құжаттаманы саралау	Меңгеруші, әдіскер	Педагогикалық кеңес. Тәрбиеші
.	МДҰ тәрбиеленушілері білімінің, икемділігінің және машықтарының мониторингі	Тәрбиеленушілердің білімін диагностикалау құжаттарын саралау	Аттестаттау комиссиясының мүшелері	Педагогикалық кеңес. Психолог: Н.Тилеуова
.	МДҰ инновациялық қызметін сараптау	Құжаттаманы саралау	Аттестаттау комиссиясының мүшелері	Педагогикалық кеңес. Әдіскер: А.Есжанова
.	"Педагог мәртебесі туралы" Заңды іске асыру шараларды сараптау	Құжаттаманы саралау		Педагогикалық кеңес.
.	Тәрбиеленушілерде салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмысты саралау	Құжаттаманы саралау	Аттестаттау комиссиясының мүшелері, медицина қызметкерлері	Педагогикалық кеңес. Медбике: Өтегенова О
.	Педагогтардың кәсіптік құзыреттілігі	Педагогтерге сауалнама жүргізу	Меңгеруші, әдіскер	Педагогикалық кеңес. Меңгеруші : Бейсенова Г
.	Ата-аналардың балабақшаға көзқарасы	Сауалнама, ата-аналарға арналған сауалнама	Әдіскер, психолог	Педагогикалық кеңес.

Бекітемін

ЖШС «Назерке» бөбөсінің балабақшасы

меңгерушісі: Бейсенова Г.



## Балабақшада «Өзін-өзі бағалауды жүргізу» мақсатында кешенді бағдарлама

### Балабақшада оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптардың орындалуы:

ЖШС «Назерке» 2010 жылы, қыркүйек айында 50 баламен ашылды. 1-орта және 1-ересек топ. 2025 оқу жылынан бастап оқу бағдарламаларының өзгеруіне байланысты балабақша 1-кіші топ, 1-орта топ, 2-ересек топ және топпен жұмыс жасауда.

Балабақша білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкес жұмыс жасауда. Сәйкестендіру мақсатында соңғы 5 жылдық оқу жоспарларының бекітілген нұсқасы **1-қосымшада** ұсынылады.

Балабаша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыруда, соның ішінде:

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мақсатында жылдық жоспар құрылымдарына өзгерістер жасалынып отырды. Атап айтқанда:

-қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыруға бағытталған инновациялық технологиялар (Тэй-тэй, Ф.Фребель), тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау жасау мақсатында топтық бұрыштар, мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру, оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында мектеппен байланыс, тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындауда, креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда деңгейлік тапсырмалар мен топтық жұмыстар жүйелі ұйымдастырылуда. "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған оқу қызметінің (арнайы түзету оқу қызметі)

бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, өтпелі тақырыптар кіріктіріле жасалынған жылдық жұмыс жоспарларының, перспективалық жоспар, циклограмма көшірмелері **2-қосымшада** қоса беріледі);

Балабақша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құруда әдістемелік ұсынылымдармен жұмыстар жасайды. Заттық дамытушы орта екі ай сайын толықтырылып жылына бір рет жас ерекшеліктеріне сәйкес жағартылып отырады. Мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері **3-қосымшада** қоса беріледі);

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтардың жалпы көрсеткіші 20 пайызды (орташа) құрайды. Сапалық құрам және білімдерін растайтын диплом көшірмелері **4-қосымшада** берілді.

Балабақша жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру қажет ететін балалармен қажеттіліктерің болмауына байланысты жұмыс жасамайды.

Мектепке дейінгі ұйым баланың білім, білік, дағды деңгейлерін анықтау бойынша жылына 3 рет мониторинг жасап отырады. Мониторинг нәтижесі бойынша I және II деңгей көрсеткен балаларға пән мұғалімдері және арнайы мамандармен бірлесе жеке даму карталары толтырылып, жоспарлар жасалынып, күнделікті тәрбиеленушілердің әрекеттерін жоспарлау құжаты циклограммаға енгізіледі. Балалардың жеке даму карталарының көшірмелері **5-қосымшада** берілген.

Мектепке дейінгі ұйымда "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жүзеге асыруда ұйымдастырылған оқу қызметтері кіріктірілген түрде ойын арқылы ұйымдастырылады. Жұмыс нәтижелігін арттыру мақсатында айлық перспективалар мен апталық циклограммалар даярланған. Аталмыш құжаттар әдістемелік ұсынылымдар мен нұсқаулықтарға толық сәйкес даярланған. Нәтижесіне балаларды білік, білім, дағды деңгейлері жоғарлап, әртүрлі зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарда жүлдері орындарға ие болған. Нақты ақпараттар **6-қосымшалар** бойынша беріледі.

Сонымен қатар, балабақшада МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктер көлемін толықтай игерілуде. Ұйымдастырылған оқу қызметтерін сапалы өткізуге қажетті көрнекіліктер мен қажетті материалдар толықтай жеткілікті. Әрбір білім беру саласы бойынша түсірілге видеосабақтар **7-қосымшада** көрсетілген.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілерді деңгейлерін анықтау мақсатында ата-аналарға сауалнама жасалынды. Нәтижелер қосымша түрінде беріледі. Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және

талдау (осы Өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте бойынша) 8-қосымшада беріледі.

Мектепке дейінгі ұйым жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау жұмыстарын талаптарға сәйкес жүзеге асыруда.

Мектепке жіберілген балаларға бұйрықтар жасалынып отырды. Бұйрық көшірмелері 9-қосымшада берілген.

Қорыта келгенде, мектепке дейінгі ұйымда соңғы бес жылда жасалынған жұмыстар бойынша кемшіліктер анықталмады. МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) және де басқа нормативті құжаттарға сәйкес жұмыс жасауда.